



ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ
ЖАС ҮРПҚА САПАЛАЫ БІЛІМ, САНАЛЫ ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ
ИГІЛІКТІ ИСТЕРІ МЕН ҰСТАЗДЫҚ ЖОЛЫНДАФЫ
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДА ӨЗ ШЕБЕРЛІГІН,
БІЛІКТІЛІГІН ЖОҒАРЫ ДӘРЕЖЕДЕ ТАНЫТҚАНЫ УШИН
*№ 0 Жарібеков ат. ш/с. ғадарлік
шұғаліши Махамбетов Ахмет*
МАРАПАТТАЛАДЫ.

Түркістан облысы
Келес ауданы
Адами әлеуетті дамыту
басқармасының басшысы

Б. Абдиев

Тіркеу № 85

Түркістан облысы
Келес ауданы
білім және гылым
қызметкерлерінің жергілікті
кәсіптік одагының торагасы

Н. Артыков

Келес ауданы Абай ауылы
2021 жыл

Маханбетова Нурла

*№2 Ө.Жәнібеков атындағы МГ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұгалімі
Түркістан облысы, Келес ауданы*

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМЫТУ

Бүгінгі күн – білім беру мазмұнына, окушы мен педагог тұлғасына және қызметіне деген көзқарастардың түбекейлі өзгеріске бет бүрп тұрган кезеңі. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасының тұнғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев өз сезінде: «Біз қазір «білім – ғылым- инновация» атты үштік үстемдік құратын постиндустриялық әлемге қарай бағыт алып барамыз», – деген еді. Қазақстанның әлемдік үрдістерге кіруі, дамыган елдердің стандарттарына деген үмтұлысы білім беру жүйесінің жаңа сапалық деңгейге ету қажеттілігін арттырды. Сондықтан білім беру мекемелерінің жұмысы, әсіресе, қазіргі қашықтықтан оқыту жағдайында Қазақстандық білім беру жүйесінің алдында білім сапасының басекелестігін арттыру, шының өмірлік кезеңдерге бейімдеу мәселелері тұр, ейткені адам қоғамда түрлі өмірлік мәселелерге байланысты дұрыс шешімдер қабылдау үшін жоғары кәсіптілік пен интеллектуалдық әрекеттерді қажет ететін жағдайларда заман талабына сай өмір сүріп, қызмет етуде. Осыған байланысты еліміздің он бес жастағы оқушыларының білім жетістіктерінің деңгейін анықтауға Қазақстан «PISA – 2021» халықаралық зерттеуіне қатысты. PISA (Programme for International Student Assessment) зерттеуінің әрбір кезеңіне халықаралық контексте саралау жұмысы жүргізіледі. Бұл әрбір қатысушы елге білім беру жүйесінің стратегиялық мақсатын анықтауга мүмкіндік береді.

PISA – білім алушылардың математикалық, жаратылыстану және оқу сауаттылығының деңгейін айқындастын зерттеу жұмыстарымен айналысатын жоба. Жобаның үйлестірушісі – ЭЫДҰ (Экономикалық Ынтымактастық және Дауы Ұйымы) болып табылады. Зерттеу халықаралық жетекші Консорциум арқылы жүзеге асырылады.

PISA жобасы білім алушылардың білім алу деңгейін анықтап қана қоймай, олардың толыққанды білім алуы үшін жағдайлар қарастырады, білім беру мекемелерінің жұмысын салыстырады, білім беру стратегияларын дайындаиды, мұғалімдерді математикалық, оқу сауаттылығы, жаратылыстану-ғылыми бойынша оқытудың онтайлы тәсілдерімен каруландырады.

Қазақстан «PISA – 2021» халықаралық зерттеуіне тұнғыш рет 15 жастағы оқушылардың білім сапасын анықтау үшін дәйекті әкпарат алу мақсатында атсалысты. Біздің еліміз үшін бұл бағдарламаға қатысуға білім берудің бакылау-багалау жүйесін реформаландырудың қажеттігін ескертетін бірқатар факторлар, атап айттар болсақ, қазақстандық білім беру жүйесінің әлемдік білім беру кеңістігіне кірігі негізгі себеп болды.

Қазақстан Республикасында оқушылардың оқу жетістігін сырттай бағалау аясында функционалдық сауаттылықтың мынадай түрлері бағаланады: оқу сауаттылығы (қазақ тілі, орыс тілі); математикалық сауаттылық; жаратылыстану ғылыми сауаттылық (физика, химия, биология, география).

Оқу сауаттылығы – оқушылардың мәтін мазмұнын түсіне білу және оларға ой жүгірте білу, мәтін мазмұнын өз мақсаттарына жету үшін пайдалана білу, қоғам өмірінде белсенділік таныту мақсатында білімдері мен мүмкіндіктерін дамыту қабілеттері. Оқу жылдамдығы мен мәтінді дәлме-дәл түсіну

багаланбайды, мәтінге арналған рефлексия мен ұғым, омірлік мақсаттарды жүзеге асыруға арналған оқығанын пайдалану багаланады.

Казір еліміздің түкпір-түкпірінде оқыту мен окудагы жаңа әдіс-тәсілдермен каруланған біршама ұстаздар қауымы өз мамандығына деген сүйіспеншілігі арта түсіп, жаңа нәтижелерге жетуде, шәкірттерінің жаңа белестерді менгеруіне жол ашу да. Соның бірі функционалдық сауаттылықты дамытудағы білім мазмұнның жаңарту – сындарлы оқыту теориясына негізделгендей баса айтылып жатыр. Сындарлы оқытудың мақсаты – оқушының пәнді терең түсінүү қабілетін дамыту, алған білімнің сыйыптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Сондай-ақ оқушының жеке тұлға және әлеуметтік нысан ретіндегі келешегі басты назарға алынады. Оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас түбекейлі өзгерісті керек етеді, яғни дәстурлі оқулардагы оқытуши мен шәкірт арасындағы көп жағдайлар оқушы қоюлғанда бермейтін қалыптасқан зандылықтар үстаз беренше арасындағы серіктестік қарым-қатынасқа ауысады.

Жалпы білім беретін мектептерде казак тілін оқыту аясында оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым дағдыларын дамыту нәтижесінде оқушылар алған білімдері мен үйренген дағдыларын көз келген орта жағдайында бәсекеге қабілетті болуға, қарым-қатынас үдерісінде тиімді қолдануға мүмкіндік беретін білім алады. Оқушылар әртурлі жағдайларда табысты ынтымақтастық пен өзара түсіністікте өздерінің коммуникативтік қарым-қатынас жасау құзыреттіліктері мен тілдік дағдыларын жетілдіре алады. Осылың нәтижесінде оқушылар сөздік корларын тақырып аясында менгерілетін сөздермен және фразеологиялық тіркестермен толыктырып, оқылым, жазылым, айтылым және тыңдалым дағдыларын жетілдіреді, нақты тақырыптар бойынша рөлдік ойындардың көмегімен тұлғааралық қарым-қатынас дағдыларын жетілдіреді.

Мысалы, мектеп тәжірибелінде табысты қолдануға ықпал ететін адістемелік сипаттагы бірқатар жалпы ұсыныстардан тұратын сындарлы оқытудың (бағдарламаның) модульдері бар:

- 1) оқыту мен окудагы жаңа тәсілдер;
- 2) сынни тұрғыдан ойлауга үйрету;
- 3) оқыту үшін багалау және окуды багалау;
- 4) оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану;
- 5) оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу;
- 6) оқытудағы басқару және көшбасшылық.

Кез келген оқыту технологиясы оку процесін үйімдастыру кезеңінде модельдеуші мұғалім технологияның бар мүмкіндіктерін үнемі шыгармашылықпен пайдалану қажеттілігіне көніл аударуы қажет және оқушыны шыгармашылық ойлауга, жылдамдықка, икемділікке, тапқырлыққа үйрету ол мұғалімнің әр сабагында қалыптастырып отыруды керек.

Баяндамамыздың сонында казак тілі пәнінен оқушының функционалдық сауаттылығын дамыту мәселесіне мынандай тұжырымдарманы ұсынуға болады:

- 1.Оқушыларды бірінші сабактан бастап сейлесім әрекетінің түрлерін (айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым, тілдесім) менгерте білу;
2. Оқушылардың алған білімдерін емірде, кез келген жағдайда, әлеуметтік ортада қолдана алуға үйрету;
- 3.Мемлекеттік тілде ауызша, жазбаша қарым-қатынас жасау;
- 4.Әлеуметтік талаптарына сай келу үшін оқушының ақпараттық технологияларды қолдану және проблемалардың шешімін таба алуға үйрету;
5. Оқушылардың взермелі емірге бейімделуіне үйрету;
6. Оқушылардың жеке бас қабілеттерін дамыту.

Еліміздің тұнғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Қазақстан - 2050» Стратегиясы – барлық саликаны қамтитын және үздіксіз есуді қамтамасыз ететін жаңғыру жолы. Ол – елдігіміз бен бірлігіміз, ерлігіміз бен еңбегіміз сыйнадатын, сыйнала жүріп шындалатын үлкен емтихан. Стратегияның мұлтікісін орында, емтиханнан мұдірмей ету, ортақ парыз, абырайлы міндет!» деді.

Қорыта келгенде, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – бүтінгі заман талабы. Осы орайда, қазақ тілі мен әдебиеті пәнін дұрыс үйрете білу өте маңызды. Педагогтің сабак өту шеберлігі, яғни шыгармашылық пен жауапкершілікті үштастыруы, бұл заман талабынан туындаған мәселе. Өз мамандығын толық менгерген жоғары деңгейлі оқытушының алдынан шықкан оқушы – емір айдыныңдағы өз жолын адаспай табады, азамат болып қалыптасады. Бұл үстаз үшін абырай, яғни үмітінің акталғаны, әрбір мұғалім осыған үмтүлса үрпақ алдындағы қарыздың өтелгені. Мұғалімнің сабагының ен бойындағы негізгі мақсаты, оның негізгі мәнін естен шыгармай, әрбір сәтті тиімді пайдаланғанда өз мақсатына жетеді.



МАДАҚТАМА ГРАМОТА

Заманауи білім берудің халықаралық деңгейіне құлашымызды кең жайып, әлем халықтарымен білімнің шексіз мұхиттында өзгелермен үзенгі қағыстырып қатар жүргі үшін ұдайы ізденіспен, елгевектік таныттып, жаңалық атаулыны тез игеріп, ғылым мен педагогикалық тәжірибе жетістіктерін байланыстырып, педагогтердің касіби шеберлігін дамыту, жаңашыл үрдістерді менгерту жолындағы өнегелі істерге қосқан үлесі үшін

Маханбетова Нурила
марапатталады

«Педагогикалық шеберлік»
журналының бас редакторы



Міркеу №227 (10)/2022





АЛҒЫС ХАТ БЛАГОДАРСТВЕННОЕ ПИСЬМО

Қазақстанда білім беру мен тәрбие үдерісіне инновациялық қызметті енгізу арқылы білім сапасын арттыруға, білім алушылардың шығармашылық алеуетін, интеллектуалды қабілеттін дамыту мен келер үрпақ бойына үлкен азаматтық жауапкершілік пен Отаншылдық сезімін қалыптастыруға қосқан зор үлесі үшін

Маханбетова Нурилаға

шынайы алғысымызды білдіреміз!

«Педагогикалық шеберлік»
журналының бастаудағы редакторы  
Л.Кузьменко

Тіркеу №A1776/2022

8 & 8





Ахмет Байтұрсыновтың – қазақ тілін реформалаудағы еңбегі

Нурила МАХАНБЕТОВА,

№2 О. Жәнібеков атындағы мектеп-гимназиясы

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұгалімі.

Түркістан облысы, Келес ауданы.

“Ахмет Байтұрсынұлы – ұлттық тарихымызда ешкіммен салыстыруға болмайтын ерекше тұлға.”

Ә.Кекілбаев

Ахмет Байтұрсынов - ұлы реформатор ғалым. Халықты окуга шакырган, білімнің қажеттігін түсіндірген жалан үтіші емес, казақ арасында агартушылық жұмыстарын, мектеп ісін жолға коюға көп күш салған, үстаздық құрган ғұлама ғалым. Ұлы агартушы Алтынсариннің бастамасын ілгері дамытып, нағыз ғылымдық дарежеге көтеріп, жетер жеріне жеткізіп берген реформатор. Ахмет ашқан казақ мектебі: Халықты агарту баладан, мектептен бастау алады. Ең алғаш қазақ тілінде Әліппе кітабын жинақтаған Ахмет еді. Қазақ балалары көзі ашық, сауатты азамат болып шығуға септігін тигізген. Қазақ әдебиетінің атасы Ахмет Байтұрсынов кітап жазумен катар орыстын белгілі жазушыларының белгілі еңбектерін ана тілімізге аударып, көшілікке ұсынған. Қекейіндегі түйілген ойды ана тіліндегі асыл, ұтқыр сездермен жеткізе білген. Ахмет қазақ аліпбійнің атасы, түркі тілтану ғылымның агартушысы. Ахмет Байтұрсынұлының мол шығармашылық мұрасының тарихи манзызы жоғары. Ахметтің ілімдері – алі зерттелетін үлкен ғылым. Ахмет Байтұрсыновтың ұлттым деп соккан жүргегі, үлгі-онегесі – қазіргі жаңа заманға ете керек. Ахан Қазақстанның әр түрлі облыстарынан мектептер ашып, үстаздық жұмыспен айналысты, жарғақ құлагы жастыққа тимей, масаша ызылдал, туган халқын окуга, енер- білімге шакырды, еркениетті елдерден кейін қалып, көрінгенге жем болып жүргеніміз біліміміздің, өнеріміздің жеткілікіздігінен, оқыса, ілгері кеткен елдер катарына косылуға талпынса, казақ халқы да ешкімге есесін жібермейді, әнгіме талаптануда, намыстануда дейді. Ахмет Байтұрсыновтың аліпбій мен оку құралдары оқып, сол ғылыми еңбектерінің арқасында қаншама адам сауатын ашты. Өзге оқыған мырзалар шен іздел жүргендеге, корлықта шыдап, құлдыққа көніп, үйкі басқан калың қазактың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ак Ахмет еді. Қазактың ол уақыттагы кейір өкігандары уез, губерния соттарына күш салып, тілмәш болып, кейірі арын сатып ұлықтық іздел жүргендеге, Ахмет қазақ ұлттына жаңын аямай қызмет қылды... халықтың арын іздел, езінің ойга алған ісі үшін бір басын байгеге тікті. Сол мектепте ашууда ана тілінде оқыту үшін алдымен казақша жазу таңбаларын, яғни алфавиттің жасауга кірісті. Ол таңбалардың кай жазудан алса да казақ тілінің дыбыстық жүйесінің икемдеп езіне тән ұлттық графика етіп ұсынды. Міне, Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілін зерттеп, танып білуге катысы осы түстен басталады. Ахмет Байтұрсынұлың еңбектері арқылы Қазақстанда ұлттық білім беру жүйесінің негізін қалады. Ол жүйенің элементтері ұлттық жазу жүйесі, ұлттық негіздегі бағдарламалар оку әдістемелік құралдар. Ахмет Байтұрсынұлы осы жүйенің барлық элементтерінде қазактың тілін, ауыз әдебиетін, мәдениетін, тарихын, әдет – ғұрпын, салт – дәстүрлерін қазақ мектептерінде оқытып, окушыларға ұлттық тәрбие беру максатында пайдалану жолдарын көрсетті. «Ахмет Байтұрсынұлы – ұлттық тарихымызда ешкіммен салыстыруға

болмайтын ерекше тұлға», – деп Әбіш Кекілбаев атап корсеткендегі, ғалымның артына қалдырыган мұрасын расында да ешкіммен салыстыруға болмайды. «Жана жазу, Жана әліппе. Тұнғыш емле. Тұнғыш фонетика. Тұнғыш грамматика. Тұнғыш синтаксис. Тұнғыш терминалология мен әдістеме, Тілашарлар. Тіл танытқыштар. Тіл жүмсарлар». сияқты құнды дүниелер.

Абай, Үбірай, Шокан салған агартушылық, демократтық бағытты ілгері жалғастыруышы, ірі ғалым, кесемсөз шебері, түркітанушы, дарынды ақын, аудармашы осы Ахмет Байтұрсынұлы. Осында дарын исесіне билік 150 жыл, ал «Қазақ» газетіне 110 жыл толып отыр. Ахмет есімі қазаққа кайтып оралғанда ғұлама ғалымның зор еңбегі бөзгән дариядай екпінмен көліп, ұлттық білім мен мәдениетімізді, саяси өмірімізді ғажап байлыққа кенелтті. Ол айтқан ақыл-кесес, қозғаған мәселелер, жазып кеткен сан алуан салиқалы туындылары бүтінгі құн талабымен оп-онай үндесіп, бір арнага тоғыса калды. Ендеше, ел боламы десек А.Байтұрсынұлы қалдырыган рухани мұраны толық игеріп, ол шыккан ұлттық идея бінгінен көрінуіміз керек. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына көп күш жұмысрудың аркасында 1912 жылы Орынборда « Оку құралы » басылып шыгады. Бұл окулық 1912-1925 жылдар аралығында 9 рет кайта басылса, окулықтың жалғасы «Оку құралы 2» кітабы 1913 жылы жарық көріп, 1924 жылға дейін 4 рет басылып шыгады. Ал ғалымның «Тіл-қурал» атты үш кітаптан тұратын еңбегі қазақ мәдениетінің аскар шыны болды. Қазіргі қазақ қауымы білім алдып жаткан бұл окулықтың фонетика бөлімі 1914 жылы, морфология бөлімі 1915 жылы, синтаксис бөлімі 1916 жылдары жарық көріп, 1928 жылға дейін бірнеше рет жарыққа шыкты. А. Байтұрсынұлы журналист және педагог. Ол - қазақ тілі емлесінің реформаторы, грамматиканың және қазақ әдебиеті теориясының негізін салушы қазақ балаларының ана тілінде сауат ашып, білім алуына көп күш жұмысады.

-Ахмет Байтұрсынұлының -еңбегі жаңған жанның бірі. Істеген ісінің жемісі-соңынан келе жаткан жастар. Оның арты Ахмет Мектебіне тізіліп, кіріп жаткан жас буын, жана осіп келе жаткан қазақ әдебиеті Ахметтің басшысы деп санайды. Ахан ашқан қазақ мектебі, Ахан түрлеген ана тілі, Ахан салған әдебиеттегі елшілдік ураны-«Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдары кан жылаган қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған кайраттың біз ұмытсак та тарих ұмытпайды. Корытта айттар болсак, ардакты азамат, халқымыздың саяси әрі рухани кесемі -Ахмет Байтұрсыновтың елі үшін еткен еңбегі, саяси - алеуметтік ой-арманы бүтінгі Егеменді Қазақстанда іс жүзінде жүзеге асып отыр. Ахмет Байтұрсынұлы- ұлттық тарихымызда ешкіммен салыстыруға болмайтын ерекше тұлға". Ахмет Байтұрсынұлы абақтыға жабылып, атылғанымен, оның артына қалдырыған асыл сездері мен арман арқалаган ойлары ел жадында, халық жүргегінде мәңгі сақталады. Ұлттың ұлт болып қалуының мәңгілік мәселелері арқау болған накылдары – қазақ топырағындағы рухани таным, саяси күрескерлік мектебінің тағылымы болуымен кастерлі. Еліміз тыныш, халқымыз аман болсын! Алаш ардактысы, ұлт ұстазы атанған Ахмет Байтұрсынұлындағай айбынды болайык. Ұлт ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлының есімі қазақ халқының әдебиетінен түспелтініне сенемін.

“МЕКТЕП” республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал

Сертификат

Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық “Мектеп” журналына жұмысы жарияланғаны үшін Түркістан облысы, Келес ауданы, №2 Ә. Жәнібеков атындағы мектеп-гимназиясы қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Нурила МАХАНБЕТОВА

берілді

“МЕКТЕП” журналының
бас редакторы



Ж.ТӨЛТЕБАЙ

Қазақстан Республикасы, 2022 жыл

Тіркеу №1123

“МЕКТЕП” республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал

ДИПЛОМ

I Дәрежелі

Республикалық ғылыми әдістемелік, педагогикалық
“Мектеп” журналында жұмысы жарық көріп, тәжірибе
бөліскеніңіз және атқарған елеулі еңбек пен білім саласына
қосқан үлесіңіз үшін Түркістан облысы, Келес ауданы,
№2 Ә. Жәнібеков атындағы мектеп-гимназиясы
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Нурила МАХАНБЕТОВА

марапатталады

“МЕКТЕП” журналының
бас редакторы:



Ж.ТӨЛТЕБАЙ

Қазақстан Республикасы, 2022 жыл

Тіркеу №1123

«ҚАЗАКТЫң ҰЛТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРІ - БЕСІККЕ САЛУ»



Осем ШАГИРБАЕВА,
№2 Ө.Жәнібеков атындағы мектеп-
гимназиясының 5-сынып оқушысы.
Жетекшісі: Нурила Маханбетова.
Түркістан облысы, Келес ауданы.

Казактың ұлттық дәстүрінің бәрі-бесікке салу дәстүрі. Мен ежемнен қызығып дәптерім түсіріп осы дәстүрді жаңғыртуға өз үлесімді коссам деймін. Қазақ халқы «Бесіктің үйде береке жоқ» деп өмірге келер сәбіді асыға күткен. Себебі бала – өмірдің гүлі, жалғасы. Жас нарестенің өмірге келуі, отбасы мүшелеріне әкесі мен атасына, нағашы жұртына үлкен қуаныш әкелген, жас наресте өмірге келгендे арнайы адам жіберіп сүйінші сұратқан.

Казак баласыны агаши бесікке салып баккан. Ағаш бесік көшпелі өмірге ете қолайлы. Бесікті казактың күрмет тұтуы соншалық, кейде атасы жатқан бесікке немерелері жатқан. Казактың туған жерді алтын бесікке тенеуі де бесіктің ардақтаудан шықкан.

Бесік – нарестені болеуге арналған ағаш тесек. Бесік көшпелі өмір кешкен казақ халқы арасына ертеден тараган. Қазақ бесіктің қаралай, қайыннан, кебіне талдан іш жасайды. Мұндай бесік женіл, ықшам зәрі берік, көшіп-конуга ыңғайлы болады. Бесік баланың тазалығына ете қолайлы, ейткени арнайы орнатылатын түбек пен шүмек бала дәретін жаймайды. Тубектің түбіне күл салып, жіңі-жіңі ауыстырып отырады. Шүмектің қойдың асық жілігінен жасайды, кейде айрықша аппақ болуы үшін сүтке қайнатып алады. Бесіктегі баланың аяғы, кеудесі катты байлланытындықтан, онын қан айналу жүйесіне көрініше әсер етеді. Соңдықтан баланы бесіктен жіңі босатып, қол-аяғын козғап, арнайы жаттыгулар жасайды.

Жас нарестені бесікке болеу үшін томендеғідей жасауда жабдықтар қажет.

Ши. Бесік шабактарының үстіне теселетін шиден тоқылған тесеніш. Тубек бекітілген тусында ойығы болады.

Жергек. Жұка, талдырып басылған киіз тесеніш. Осының кейде каузу деп те атайды (каузу киіз).

Күс тесек. Жергектің үстіне теселетін арасына күс жүні салынып кабылған жұмсақ тесеніш. Оның да тубек түсетін тусында ойығы болады.

Жастық. Бесіктің енімен сәйкес келетін, арасына күс жүні толтырылған кішкене жастық.

Көрпө. Жай матадан әзірленген көрпені жаздыруғын, ал арасына мақта салып кабылған көрпені қыстығын колданады.

Кепіл. Нәрестенің жамбас түсіні, тізесіне кепіл ретінде арнайы тігілген бірнеше кішкене жастықшалар койылады. Ол жастықшалар түбек орналаскан ойыктың төнірегіне теселеді.

Тартпа бау. Тартпа бауларды кейде таңғыш деп те атайды. Береді, олар күр тәрізді біязы жілтін тоқылады. Немесе екінші кабат матаны сырып, бауларды ызып әзірлейді. Тартпаның біреуі боленген, құндақтаған нарестенің көкірек түсінан, екіншісі тізенің үстінен түседі. Тартпа баудың шытары бесіктің екі жағындағы сабау ағаштарға таңылады.

Түбек. Түбек қыштан, көнисен, күйдірілген сәз балшықтан немесе мыс, жез қанылтырдан әзірленеді. Қыстығын сыртына киіз, кайыс немесе былғарыдан тігілген кап кигізіп қояды. Тубектің түбіне сал күл сеуіп колданады.

Шүмек. Шүмектің ағаштан да сүйектен де әзірлеуге болады. Шүмек баланың денесіне балтау үшін қырларын тегістеп жылтыратып, зәрді сорып алмауы үшін майға қайнатып алған сон пайдалана беруге болады.

Жабу. Бесіктің көлеміне сай, жұқа матадан тігілген, кестелінген арнаулы жабуы болады. Ол бесікке боленген жас нарестені маса-шыбыннан, желден, шан-тозаннан, күн көзінен, сұқтап көргайды.

Баланы бесікке елге беделді, жасы үлкен, көп балалы, аждаулықтың әже салуы керек. Содан кейін тыштырма жасалынады. Тыштырма дегеніміз – ерекше ырым. Бесіктің ойығынан кәмпіт, күрт және де т.б. тәттілер өткізіледі. Жиналған адамдар қолдарын бесіктің астына салады. Өткізілген тәтті олардың алаканына түседі. Бесіктің астына арбір тәтті зат түскен кезде, бесікке салған адам басқаларға «тышты ма?», деп сұрақты қояды. Жиналған адамдар «тышты, тышты», деп айтады. Осылайша тыштырма ғүрпі, «тышты ма?» деген сөзден шықты.

Бесікке болеуге рәсімін ауылдың кадірменді анысы іске асырған. Бесікке салушы бесіктің барлық жабдықтарын орын-орнына қойғаннан кейін, шашуға әкелген күрт, май, бауырсақты уыстап алып бесіктің түбек байлайтын тесігінен төмен өткізіп, бесік астынан қолын тосқандарға үлестіріледі. Бұл дәстүр тыштырма деп аталады. Тыштырма үлестіріп болған сон барлық отыргандарды қамшымен арқаларынан ұрып шығады. Сонан соң бесікті отпен аластайды.

Алас, алас баладан алас.

Несі келді, пәледен кош

Алас, алас баладан алас.

Көзі жаманнаны, козінен алас,

Тілі жаманнаның тілінен алас.

Қырық қабыргасынан алас

Бесік – киселі мұлік. Бесікпен сенің үршагын, әзүлтің оседі. Біздің қазақта бесік экелу деген салт бар. Сәбілі болып жатқан қызының нарестесіне бесік экелу – қыз теркінінің, жас анының, анысының яғни нағашы жәсінің парызы. Қазірдің өзінде бесік экеліп жатқан, тіпті болмаганда баланың арнайы тесегі (манеж), арбасы, үстелі дегендей, балаға қажет жабдықты экеліп жатқан аналар барышылық. Бұл – бір жағынан, құда-жеккәт арасындағы үлкен сыйластық. «Бие құлғында маса, ат болады, ағайын-туыс алысып беріспесе, жат болады» дегендей, бұл – екі жаққа дәнекерға.

Бесіктің жабдықтарын барынша әдемілеп жасаган. Тубектің мен шүмектің басқа, колтық жастық, тізе жастық дегені болады және олар ешқашан суренсіз сүр түсті маталардан тігілмеген.



РУХАНИ
ЖАНГЫРУ



ДИПЛОМ

I дәрежелі

«Болашақта бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұйымдастырылған республикалық «Жас зерттеуші» байқауында **“Қазақтың ұлттық салт-дәстүрі-бесікке салу”** тақырыбындағы ғылыми жұмысы үздік деп танылып, өзінің терең білімі мен ғылыми ізденісін жоғары дәрежеде көрсетіп, ал, ұстазы шәкіртінің ғылыми ізденісін арттыра білгені үшін Түркістан облысы, Келес ауданы №2 Ә.Жәнібеков атындағы мектеп-гимназиясының 5-сынып

окүшысы

Әсем Шагирбаева

жетекшісі

Нурила Маханбетова

МАРАПАТТАЛАДЫ

“Төраға:

Ж.ҚАСТАЙҰЛЫ

“Жас ғалым журналының шығарушы редакторы:



Т.ҚАЙРАТҚЫЗЫ

2020-2021 оку жылы

Tirkay №234



АЛҒЫС ХАТ

№2 Ө.Жәнібеков атындағы мектеп-гимназиясында «Наурыз-ұлыстың ұлы күні» тақырыбында өткен қазақ тілі және әдебиеті пән бірлестігінің апталығында тиянақты еңбек, белсенділік танытқаны үшін қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі

Маханбетова Нурила

МАРАПАТТАЛАДЫ



Мектеп-гимназия директоры: Р.Табылдиева

Казақ тілі және әдебиеті

ӘБ жетекшісі: Г.Муратова

Абай ауылы

2021-2022 оқу жылы

